

**Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық басқармасы №3 Облыстық перинаталдық
орталық ШЖҚ МКК-ң Байқау кеңесінің кезекті отырысы**

Түркістан қаласы

Хаттама № 1

12.11.2020 ж.

Қатысқандар саны: 10

Күн тәртібінде:

1. Байқау кеңесінің төрағасын (төрайым) тағайындау;
2. Байқау кеңесінің хатшысын тағайындау;
3. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас дәрігерінің 2020 жылдың 9 айы бойынша сапалы талдау көрсеткішінің есебі (Анализ качественных показателей за 9 месяцев 2020г. по ГКП на ПХВ «Областной перинатального центра №3»);
4. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас есепшісінің 2019-2020 жыл аралығындағы жылдық есебімен 2020жылдың 9 айы бойынша есебі.(Годовой отчет ГКП на ПХВ «Областного перинатального центра №3» за 9 месяцев 2020г.);
5. Қосымша үстеме ақы беру туралы (Дифференцированный оплата труда медицинских работников);
6. Қосымша сұрақ-жауаптар.

Орналасқан мекенжайы: Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК Түркістан қаласы, Т.Нышанов көшесі, 18А.

Отырыстың өтетін мекенжайы мен уақыты: Түркістан қаласы, Т.Нышанов көшесі, №18А, Конференцзал, жергілікті уақытпен сағат 15:00.

Байқау кеңесі Кәсіпорын (әрі қарай Байқау кеңесі) қатысушы мүшелері:

Тұрғанбаева Нұргүл Тоқтасынқызы - басқарма өкілі, Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық басқармасының бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы;

Махмутов Нуржан Талгатбекович - №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК бас дәрігері;

Тұңғышбаева Мадина Обылбекқызы - денсаулық менеджері, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ дәрігері «АИ» дәрігерлік амбулатория меңгерушісі;

Жаукимова Роза Тузельбаевна – Шаруашылық жүргізу құқығындағы Түркістан қалалық орталық ауруханасы мемлекеттік кәсіпорын бас дәрігерінің орынбасары;

Молдабеков Шадияр Мекенбайұлы - «Заң» Республикалық газетінің тілшісі - Байқау кеңесінің кезекті отырысына белгілі себептермен келе алмауына байланысты жазбаша пікірін білдірді.

Байқау кеңесінің хатшысы: Зулпихаров Мухамеджан Изатуллаевич

Кәсіпорыннан қатысушылар:

Аязбеков Ардак Керимханович - №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК – бас дәрігердің орынбасары;

Ерназарова Гулайша Муийддиновна - сарапшы дәрігер;

Кожамбекова Жанар Кенжехановна - бас есепші;

Абдулкасымова Максуда Джалаловна - экономист;

Меруерт Ыдырысова - есепші.

Байқау кеңесінің кезекті отырысы ашық деп жарияланды.

Байқау кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, қабылдау туралы дауысқа салды.

1. Байқау кеңесінің төрайымын тағайындау;
2. Байқау кеңесінің хатшысын тағайындау;
3. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас дәрігерінің 2020 жылдың 9 айы бойынша сапалы талдау көрсеткішінің есебі (Анализ качественных показателей за 9 месяцев 2020 г. по ГКП на ПХВ «Областной перинатального центра №3»);
4. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас есепшісінің 2019-2020 жыл аралығындағы жылдық есебімен 2020 жылдың 9 айы бойынша есебі. (Годовой отчет ГКП на ПХВ «Областного перинатального центра №3» за 9 месяцев 2020г.);
5. Қосымша үстеме ақы беру туралы (Дифференцированный оплата труда медицинских работников);
6. Қосымша сұрақ-жауаптар.

Шешім: Байқау кеңесі жарияланған күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, күн тәртібін бекітуге дауысқа салды.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Бірінші сұрақ бойынша: Өз кезегінде Н.Т.Махмутов Байқау кеңесінің мүшелерін №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң қызметкерлерінде таныстырып өтті. Байқау кеңесі мүшелеріне №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң ауласынан бастап жылу жүйесін, газ қондырғыларын, сондай-ақ кәсіпорын ішіндегі барлық бөлімшелеріне қызметкерлердің жұмыс барысын көрсетіп және қазіргі таңдағы жаңа үлгідегі медициналық құрал-жабдықтармен таныстырып шықты. Түркістан облысының әкімдігі 2019 жылдың 24 қыркүйектегі №207 қаулысына сәйкес Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық басқармасының 2020 жылдың 18 қыркүйегінде №338 жк бұйрығымен қайта құрылған Байқау кеңесінің мүшелері Байқау кеңесінің негізгі мақсаты, №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң экономикалық дамуы, денсаулық саласын көтеру, дұрыс бағытта саясат жүргізу, жиналған мәселелерді сараптамадан өткізу керек екенін жеткізді. Осыған байланысты Байқау кеңесі мүшелерінің арасынан төраға (төрайым) тағайындау керектігін жеткізді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік турлы заңының 148 бабының 1-тармағына сәйкес Байқау кеңесінің ережесінің 4-тармағы шаруашылық құқығын жүргізудегі мемлекеттік кәсіпорынның, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономикалық Министрлігінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес Байқау кеңесінің төрағасы (төрайым) Байқау кеңесінің мүшелерінің арасынан сайланатынын алға тартты және осыны дауысқа салуды ұсынды.

Байқау кеңесі қойылған сұрақты қорытындылай келе Шешті:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 111-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 149-бабы, 1-тармақтың 7-тармақшасына сәйкес

1. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң Байқау кеңесінің төрайымы болып Тұрғанбаева Нұргүл Тоқтасынқызын сайлау.
2. Байқау кеңесінің төрайымдық қызметі Н.Т. Тұрғанбаеваның мерзімі шектелмеу, толықтай басқару.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 4 дауыс (Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 4 дауыс

Н. Тұрғанбаева келісімін білдірді.

Екінші сұрақ бойынша: Н.Т. Махмутов келесіні жеткізді, Байқау кеңесінің жұмысын жүргізу, яғни хаттама тіркеу мүшелерін шақыру тағы басқа жұмыстарын жүргізу үшін Байқау кеңесіне хатшының міндетті болуын ұсынды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңы 148-бабының 6-тармағы, 149-баптың 1-тармағы 7-тармақшасына сәйкес Байқау кеңесінің хатшысы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жұмысшысы болып істейтін және Байқау кеңесінің мүшесі болып есептелмейді. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне бағынышты, хатшы қызметіне байқау кеңесінің отырысын дайындайды, уақытын белгілейді. Сондай-ақ, құжаттарын рәсімдейді, құжаттардың Байқау кеңес мүшелеріне жеткізілуін қадағалайды. Сондай-ақ, Байқау кеңесінің хатшысының міндетін №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң заңгер кеңесішіне жүктей алады, еңбек шартымен бекітілген негізгі жұмыс орнымен жұмысшы өз жұмысынан босатылмай қосымша Байқау кеңесінің хатшылығын қоса алып жүруді ұсынды.

Байқау кеңесі қойылған сұрақты қорытындылай келе Шешті:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 111-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 149-бабы 1-тармақтың 7-тармақшасына сәйкес:

1. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң Байқау кеңесінің хатшысы жұмысы Зулпихаров Мухамеджан Изатуллаевич бекітілген тәртіппен жүктелсін.
2. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК қызметкерге Байқау кеңесінің хатшылық жұмысын негізгі жұмысында қоса атқарғаны үшін қосымша айлық жалақысына 50% (елу пайыз) жүктеліп берілсін (от должностного оклада юристконсульта).
3. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас дәрігері байқау кеңесінің шешімі шыққан күннен бастап күшіне ену керектігі.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Үшінші сұрақ бойынша ары қарай Н.Т.Махмутов сөз кезегін №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң сарапшы дәрігері Г.М.Ерназароваға берді. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас дәрігердің 2020 жылдың 9 айдың сапалы талдау көрсеткішінің (Анализ качественных показателей за 9 месяцев 2020г. по ГКП на ПХВ «Областной перинатального центра №3») есебін беруді ұсынды, сарапшы дәрігер Г.М.Ерназарова Байқау кеңес мүшелеріне слайдпен егжей-тегжейіне дейін түсіндіріп берді. 2020 жылдың 9 айдың сапалы талдау көрсеткішінің есебін (Анализ качественных показателей за 9 месяцев 2020г. по ГКП на ПХВ «Областной перинатального центра №3») қабылдау туралы Байқау кеңесі мүшелері дауысқа салды.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Төртінші сұрақ бойынша ары қарай Н.Т.Махмутов сөз кезегін №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас есепшісі Ж.К.Қожамбековаға берді. №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-ң бас есепшісінің 2019-2020 жыл аралығындағы жылдық есебімен 2020 жылдың 9 айлық есебін (Годовой отчет ГКП на ПХВ «Областного перинатального центра №3» за 9 месяцев 2020г.) беруді ұсынды, бас есепші Ж.К.Қожамбекова Байқау кеңесі мүшелеріне 2019-2020 жыл аралығындағы жылдық есебімен 2020 жылдың 9 айлық есебін (Годовой отчет ГКП на ПХВ «Областного перинатального центра №3» за 9 месяцев 2020г.) слайдпен түсіндірді және бүгінгі таңға дейін ешқандай кредиторлық қарызы жоқтығы және осы аралықта жеткен жетістіктердің көрсеткіштерін көрсетті. Байқау кеңесінің төрайымы Тұрғанбаева Нұргүл Токтасынқызыбірнеше сұрақ қойды:

1. Мемлекеттік сатып алу бойынша жіберілген қателіктеріңіз бар ма?

2. Мердігерлер алдында қарыздарыңыз жоқ па?

3. Қосымша үстеме айлық жалақыларыңызға беруге үнемделген қаражаттарыңыз жете ме?

Бас есепші Ж.К.Қожамбекова мемлекеттік сатып алу бойынша ешқандай қателіктер орын алмағанын, сондай-ақ мердігерлер алдында қарыздың жоқтығын, сонымен қатар бүгінгі таңда үнемделген қаржының жететіндігін кәсіпорын қызметкерлеріне заң аясында сыйақы бере алатын мүмкіндіктердің бар екендігі туралы жауап берді. Бас есепшінің 2019-2020 жыл аралығындағы жылдық есебімен 2020 жылдың 9 айлық есебін (Годовой отчет ГКП на ПХВ «Областного перинатального центра №3» за 9 месяцев 2020г.) Байқау кеңесі мүшелері қабылдау туралы дауысқа салды.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Нұргүл Токтасынқызы сұрақ қойды: Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан орын алған ақауларға кім жауап береді? Сондай-ақ, жіберілген ақауларға қандай шаралар қолданысыздар? Бұл сұрақтарға бас дәрігердің орынбасары Ардақ Керимханович жауап берді: Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан орын алған ақаулар бойынша талдау жасалынып, ай сайын счет реестр бойынша ақаулар 1% (пайыз) шамасында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан орын алған ақаулар ай сайын талданып, алдын алу шаралары қаралады деп жауап берді.

Бас есепші Ж.К.Қожамбекова Байқау кеңесі мүшелеріне сұрақ қойды: «Үнемделген қаражатымыздың заң аясында қызметкерлерге қосымша үстеме айлық жалақыларына беруімізді Байқау кеңесі мақұлдап бекітіп бере ме?». «Үнемделген қаражаттарыңыз жеткілікті болатын болса яғни заң шеңберінен шықпаса беруге ешқандай кедергі жоқ» – деп жауап берді Нұргүл Токтасынқызы. Ары қарай Байқау кеңесі мүшелері үнемделген қаражатты қосымша үстеме айлық жалақы ретінде беруге дауысқа салды.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Бесінші сұрақ бойынша ары қарай Н.Т.Махмутов сөз кезегін №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-н есепшісі М.Ыдырысоваға беріп, қосымша үстеме ақы (Дифференцированный оплата труда медицинских работников) есебін беруді ұсынды. Есепші М.Ыдырысова Байқау кеңесі мүшелеріне қосымша үстеме ақы (дифференцированная доплата) 2020 жылдың 9 айлық есебін слайдпен түсіндірді. Байқау кеңесі мүшелері қосымша үстеме ақы (Дифференцированный оплата труда медицинских работников) берген есепті қорытындылай келе әліде толық әрі нақты емес екенін айтты. Байқау кеңесі мүшелері есепке қанағаттанбағандықтарын жеткізді. Қорытындылай келе қосымша үстеме ақыны (Дифференцированный оплата труда медицинских работников) кейінге қалдыруды ұсынды.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Ары қарай қосымша сұрақ-жауап өрбіді: Байқау кеңесінің мүшесі Тұрғанбаева Нұргүл Токтасынқызы бас дәрігер Махмутов Нуржан Талгатбековичке сұрақ қойды: «№3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-да қызметкерлер лас аймақ және таза аймақ арасында жүріп тұру қозғалысын қадағалайтын бейне бақылау және бейне бақылауды қарап бақылап отыратын жауапты тұлға бар ма?» – деп сұрады. Бас дәрігер Н.Т.Махмутов өз кезегінде №3 Облыстық перинаталдық орталық ШЖҚ МКК-да бейне бақылау барлық жерде орнатылғанын алға тартты және де бейне бақылау соңғы үлгідегі екенін жеткізді. Жауап қанағаттанарлық болды.

Бас дәрігер Н.Т.Махмутов Байқау кеңесіне сұрақ қойды: Кадрлық мамандардың жетіспей жатқанын жеткізді. Қазіргі таңда 4 инженер бар екенін және жұмысауқымының көптігіне байланысты 1,0 штаттық бірлікке инженер, 1,0 штаттық бірлікке лаборант, 1,0 штаттық бірлікке дәрігер лаборант алуды ұсынды. Covid-19 індетінің өршіп тұруына байланысты есік алдынан 2 медбикелік пост ашу туралы ұсыныс жасады. Байқау кеңесі мүшелері егер штаттық кестеден аспаса, сондай-ақ оларға төленетін қаражаттарыңыз жетсе Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасына сұраныс хатын жолдасаңызар Байқау кеңесі мүшелері өз тараптарынан қарсылығы жоқтығын айтты және дауысқа салды.

Дауыс қорытындысы:

ИЯ – 5 дауыс (Тұрғанбаева Н.Т., Махмутов Н.Т., Тұңғышбаева М.О., Молдабеков Ш.М., Жаукимова Р.Т.)

Қарсы (жеке пікір) – 0 дауыс

Қарсы емеспін (жеке пікір) – 0 дауыс

Шешім қабылданды: бір ауыздан 5 дауыс

Аяқталу уақыты сағат: 17:30

Байқау кеңесінің төрайымы



Н.Т.Тұрғанбаева

Байқау кеңесінің мүшелері

_____ Р.Т.Жаукимова

_____ М.О.Тұңғышбаева

_____ М.Ш.Молдабеков

_____ Н.Т.Махмұтов

Хатшы

 _____ М.И.Зулпихаров